



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016 ж. 28 қыркүйек 328

Павлодар қаласы

город Павлодар

**«Ақпараттық – коммуникациялық
технологиялар білім беруде»
облыстық конкурс өткізу туралы**

Павлодар облысы білім беру басқармасының 2016 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде енгізуді тарату, таңдаулы әдістемелік және бағдарламалық жұмыстарды таныту және облыс мұғалімдері мен оқушыларын ынталандыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Облыстағы білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оқушылар арасында 2016 жылы қазанның 5-нен 28-не дейін «Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар білім беруде» облыстық конкурсы өткізілсін.

2. Төмендегі құжаттар бекітілсін:

- «Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар білім беруде» облыстық конкурсын өткізу туралы ережесі (қосымша 1), шығындар сметасы
- облыстық конкурсқа дайындалу және оны өткізу үшін Ұйымдастыру комитетінің құрамы (қосымша 2)
- қазылар алқасының тізімі (қосымша 3).

3. Ақпараттық технологиялар орталығына:

- облыстық конкурсқа дайындалу және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспарын жасасын
- конкурс туралы Ережені Білім беру басқармасы, Ақпараттық технологиялар орталығы сайттарына жариялансын
- конкурс бағыттарына сәйкес 2016 жылдың 28 қазанға дейін қатысушылардың тізімін дайындасын
- облыстық конкурстың қорытындысы 2016 жылы 4 қарашада шығарылсын.

4. Қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша) мен облыстық білім беру ұйымдарының басшылары 2016 жылдың 24 қазанына дейін Ақпараттық технологиялар орталығына білім беру ұйымдарының конкурсқа қатысу жөніндегі өтініштерін жіберулерін қадағаласын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Ж. П. Қарамбаевқа жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б. Бексентова

Таныстырылды

Қарамбаев Жашын Петрович М. Кайыр
(қолы, күні)

Павлодар облысы
білім беру басқармасының
2016 ж. «28» ноябрь
№ 328 бұйрығына
Қосымша 1

**«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беруде»
облыстық конкурсы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

Павлодар облысындағы біртұтас ақпараттық білім беру кеңістігін құру, педагогтардың білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды шығармашылықпен белсенді қолдануын дамыту үшін, жаңашыл технологиялар мен құралдарды тарату, педагогика саласы мамандарының кәсіби шеберліктерін көтеру және білім беру мекемелерінің ақпараттандыру жағдайындағы үздік тәжірибесін тарату мақсатын іске асыруға бағытталған конкурс.

Ереже конкурстың мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін, өткізу мерзімі мен тәртібін, конкурсқа қатысу шарттарын, талаптары мен оларды бағалау критерийлерін, қорытындысын шығару мен марапаттауды анықтайды.

2. Конкурсты ұйымдастырушылар

Конкурсты ұйымдастырушылар – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар облысы білім беру басқармасының Ақпараттық технологиялар орталығы.

3. Конкурстың мақсаттары

Конкурстың мақсаты – облыстың ақпараттық білім беру кеңістігінің дамуына ықпал ету, білім беру процесіне жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды, жобаларды енгізу тәжірибесі мен әдістерімен бөлісу, оқу-тәрбие процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолданудың озық тәжірибесін тарату, оқытушылардың кәсіби қызметінде АКТ-ны қолданудағы шеберлігін жетілдіру.

Жарыстың мақсаты – білім беру үдерісінде қазіргі ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдануда инновациялық (жаңашыл) тәсілдерді анықтау және тарату, электронды оқыту (E-learning) жүйесін, желілік және интернет жобалармен жұмыс істеуді, облыс білім беру ұйымдарының инновациялық қызметін дамыту және ынталандыру.

4. Конкурстың міндеттері

- Павлодар облысының білім беру ұйымдарының Web-имиджін құру – қазіргі заманғы білім беру кеңістігінде қажетті оқыту, тәрбиелеу факторлары;

- авторлық жобаларды таратуға, тәжірибе жинақтауға, облыс педагогтарының кәсіби өсуі мен дамуына ықпал ететін Интернет-технологияларды дәріптеу;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) қолданудағы білім беру ұйымдарының педагогтары мен қызметкерлерінің кәсіби және ақпараттық құзыреттілігін анықтау;

- оқу-тәрбиелеу процесінде жобаларды қолдану тәжірибесін жинақтау және тарату, санды білім беру ресурстарының барлық түрлерін жасау, қолдану және жария ету;

- облыс педагогтарының шығармашылық потенциалын қалыптастыру үшін оқу процесінде ақпараттық мәдениетті дамыту және ақпараттық технологияларды енгізу үдерісіне жағдай жасау;

- қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды оқу үдерісінде бұқаралық енгізу жағдайында пән мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін көтеру;

- дарынды педагогтарды анықтау, қолдау және жаңа ақпараттық және коммуникативтік технологияларды игеруге, белсенді қолдануға ынталандыру;

- оқу-тәрбие процесінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы облыстағы ең үздік педагогикалық тәжірибені тарату;

- Павлодар облысының инновациялық білім беру кеңістігін қалыптастыру үшін білім беру ұйымдарының кәсіби өзара қызметтестігін ұйымдастыру.

5. Конкурстың бағыттары мен өткізу уақыты

Конкурс екі кезеңде (іріктеу, финал) өткізіледі:

I кезең – іріктеу 2016 жылғы 5 қазан мен 28 қазан аралығында сырттай өтеді. Конкурсқа қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне **2016 жылғы 24 қазанға** дейін білім беру ұйымы немесе сонда қызмет ететін педагог (қызметкер) Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайына өтініш (Қосымша 1.1) береді:

Павлодар қаласы, Академик Бектұров көшесі, 2 үй, 2 қабат

тел.: 8 (7182) 62-52-13

Конкурсқа қатысу өтініші конкурстық жобасыз қарастырылмайды. Конкурс талаптарына сай конкурс өтінішінде көрсетілген барлық жобалар электрондық түрде Ұйымдастырушы комитетінің мекен-жайы бойынша жіберілуі және оқу жобалары мен Web-сайттар Интернет желісінде (беті, бөлімі көрсетілсін) орналастырылуы керек. Өтініште міндетті түрде сайтқа сілтеме жасалу қажет.

Қазылар алқасы ұсынылған жобалардың сапасын бағалайды, қорытындылары хаттама түрінде ресімделеді және конкурстың финалдық кезеңіне қатысушылар тізімі **2016 жылғы 28 қазанда** облыстық білім беру басқармасының (<http://edupvl.kz>), ОАТО (<http://pvlcit.kz>) сайттарында жарияланады.

II – ақтық кезең (финал), іштей жүргізіледі. Конкурсқа қатысушылар **2016 жылғы 4 қарашада** Павлодар облысы білім беру басқармасының Ақпараттық технологиялар орталығында өз жобаларын қорғайды.

Конкурс қорытындысы **2016 жылғы 4 қарашада** Облыстық білім беру басқармасының (<http://edupvl.kz>), ОАТО (<http://pvlcit.kz>) сайттарында жарияланады.

6. Конкурсқа қатысу шарттары

Конкурсқа ерікті түрде оқытудың оқу бағдарламасы бойынша конкурс жобаларының авторлары/бірлескен авторлары болып табылатын облыс білім беру ұйымдарының мекемелері, жалпы білім беру мекемелері мен білім беру ұйымдарының білім беру процесіне қатысушылары (педагогтар, қызметкерлер) қатысады. Облыс білім беру ұйымдарының педагогтарымен әзірленген білім беру ұйымдарының Web-сайттары. Білім беру ұйымдарының Web-сайттары kaznet желісінде орналастыруы қажет.

Конкурс сырттай кезеңіне барлық типтегі және түрдегі білім беру ұйымдары мұғалімдерінің жеке өтініші бойынша немесе авторлық топ жіберіледі.

Конкурс іштей кезеңіне сырттай іріктеуден өткен ең үздік жобалар жіберіледі.

Өтініш беруші тек бір бағыт бойынша қатыса алады.

Алдыңғы облыстық және республикалық конкурстарда жүлделі орындарға ие болған жобалар конкурсқа 3 жыл бойы қатыстырылмайды.

7. Конкурстың бағыттары

Конкурс келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

1. Оқыту-тәрбиелеу процесінде интербелсенді тактаның бағдарламаларын және аппараттық құралдарын қолдану (ActivInspire, PASCO).

2. Жалпы білім беру ұйымдарын басқарудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

3. Оқыту процесін мультимедиялық камтамасыздандыру (Microsoft PowerPoint қосымшалар құралымен құрылған электронды оқу құралдары және т.б., **мұғалімдер арасында**).

4. Оқыту процесін мультимедиялық камтамасыздандыру (Microsoft Power Point қосымшалар құралмен құрылған электронды оқу құралдары және т.б., **оқушылар арасында**).

5. Оқу процесін бағдарламалық камтамсыз ету (бағдарламалау тілін қолдану арқылы орындалған бағдарламалық-ақпараттық өнімдер, **мұғалімдер арасында**).

6. Оқу процесін бағдарламалық камтамсыз ету (бағдарламалау тілін қолдану арқылы орындалған бағдарламалық-ақпараттық өнімдер, **оқушылар арасында**).

7. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданатын оқу-әдістемелік кешендер (электронды оқулықтар мен құралдар, офистік қосымшалар,

білімді бақылайтын электронды жүйелер, Интернет желілерінің білім беру ресурстары және т.б.).

8. Пәндер және пәнаралық бағыттағы оқу жобалары (Intel «Болашақ үшін оқыту», VCT оқу жобалары).

9. Web-сайт – білім беру ұйымдарында оқыту әрекеттерін ақпараттық және интернет желісі арқылы оқу процесі мен тәрбие жұмыстарын жүргізу қорларын қолдау құралы.

10. Педагогикалық қызметкерлердің тақырыптық сайттары.

8. Конкурстың қазылар алқасы мен Ұйымдастыру комитеті

Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін Ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды жүзеге асырады: конкурсқа қатысу өтініштерін қарайды және авторларға конкурсқа қатысуға шақыру немесе өтпегені туралы дәлелді қағаз жібереді; конкурсқа дайындық және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.

Конкурстың қазылар алқасының құрамына білім беру басқармасының, жоғары және орта-арнаулы оқу орындарының өкілдері және Павлодар облысының білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығының және АТО әдіскерлері кіреді.

Конкурс жүлдегерлері мен жеңімпаздары қазылар алқасының шешімімен анықталады. Конкурстың қазылар алқасы конкурсқа қатысушылар жобаларына рецензия бермейді. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

9 Конкурстың жеңімпаздарын анықтау бойынша бағалау реті

I кезеңде (іріктеу) конкурс жұмыстары келесі ұстанымдар бойынша бағаланады:

1. Оқыту-тәрбиелеу процесінде интербелсенді тақтаның бағдарламалық (ActivInspire) және (PASCO виртуалды лабораториясы) құралдарын пайдалану:

- ActivInspire құралдарын пайдалану лайықтығы мен тиімділігі;
- ұсынылған оқу ақпараттық өнімнің уәж туғыза алу потенциалдары;
- материалдың мазмұнының толықтығы мен ғылымилығы;
- оқу өнімі мазмұнының практикалық бағыттылығы, байланысы және жүйелілігі;
- ұсынылған өнімнің оқыту мақсатында жету сәйкестігі;
- мұғалімнің білім беру траекториясын жасаудағы педагогикалық сценарий құру сапасы;
- кері байланыс және интерактивті диалог ұйымдастыру дәрежесі;
- эргономикалық талаптардың орындалуы;
- ақпараттық өнімнің функционалды белгілерінің эстетикалық ресімделуінің сәйкестігі.

2. Жалпы білім беру ұйымдары басқармасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар:

- басқаруда АКТ-ны қолданудың негізі мен нұсқаулығының алғышарттары;

- материалдың жаңалығы мен сапалығы;
- қойылған мақсаттардың толық жүзеге асуы;
- нәтижелілігі (оқу құралының функционалды мүмкіндіктерін қолдану тиімділігі);
- оқу өнімін қолдануға нұсқаулықтың болуы;
- пайдаланудағы (апробация) нәтижелер;
- эргономикалық талаптардың орындалуы.

3. (№ 3, № 4 тармақтар) Оқу процесін мультимедиялық камтамсыз ету (Microsoft PowerPoint және т.б. қосымшалар арқылы жасалған электронды оқу құралдары):

- пән бойынша Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттарына және жұмыс бағдарламасына сәйкестігі;

- оқу құралы оқу пәнінің кем дегенде бір бөлімінің мазмұнын қамтуы керек;

- материалдың ғылыми мазмұны және толықтығы;
- АКТ арқылы қойылған оқыту мақсатының толық жүзеге асуы;
- нәтижелілігі (оқу құралының функционалды мүмкіндіктерін қолдану тиімділігі);

- оқыту материалын мазмұндаудағы әдістемелік тәсілдердің сапасы;
- материалдың көрнекілігі, логикалығы және мазмұндаудың жүйелілігі;
- берілген оқу құралы бойынша жеке-дара және өз бетінше оқытудың ұйымдастырылуы;

- оқу құралының функционалды белгілерінің эстетикалық ресімделуінің сәйкестігі;

- кері байланыс пен интербелсенді диалогтың ұйымдастырылу деңгейі;
- эргономикалық талаптардың орындалуы және интерфейс жайлылығы;
- оқу құралының функционалды белгілерінің эстетикалық ресімделуінің сәйкестігі;

- оқу құралын пайдаланудағы (апробация) нәтижелер.

4. (№ 5, № 6 тармақтар) Оқу процесін бағдарламалық камтамсыз ету (бағдарламалау тілдерін пайдалану арқылы жасалған бағдарламалық-акпараттық өнімдер):

- бағдарламалық құралдың жасалуының негізі мен нұсқаулығының алғы шарттары;

- пән бойынша Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттарына және жұмыс бағдарламасына сәйкестігі;

- материалдың ғылыми мазмұны;
- материалдың толықтығы, жаңалығы мен сапасы;
- материалдың көрнекілігі, логикалы және мазмұндаудың жүйелілігі;
- қойылған оқыту мақсатының толық жүзеге асуы;
- акпаратты ұсыну құрылымдығы;
- берілген оқу құралы бойынша жеке-дара және өз бетінше оқытудың ұйымдастырылуы;

- кері байланыс пен интербелсенді диалогтың ұйымдастырылу деңгейі;
- білімді бақылау және бағалау мүмкіндігі;
- пайдаланушының іс-әрекеттерін бағдарламалық бақылаудың болуы;
- эргономикалық талаптардың орындалуы және интерфейс жайлылығы;
- бағдарламалық құралдың функционалды мүмкіндіктерін қолдану тиімділігі;
- компьютердің ресурстарын үнемді пайдалану (жадтың көлемі және т.б.);
- желілік режимде жұмыс істеу мүмкіндігі;
- бағдарламаны қолдануда арнайы нұсқаулықтың болуы;
- оқу құралын пайдаланудағы (апробация) нәтижелер.

5. (№ 7 тармақ) Жаңа ақпараттық технологияларды қолданатын оқу-әдістемелік кешендер (электронды оқулықтар мен құралдар, офистік қосымшалар, білімдерін бақылаудың электронды жүйесі, Интернет желісіндегі білім беру ресурстары және т.б.):

- мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігі;
- оқыту мақсатында жетістіктерге жету үшін нақты құралдар, қалыптар мен әдістерді талдау және көрсету;
- міндеттерді шешудегі жаңалық келісі;
- мазмұнның ғылымилығы;
- өзектілігі;
- материалдың біртұтастылығы (практикалық пайдалануға дайындығының дәрежесі);
- уәж туғызу потенциалы (мазмұнында оқушылардың танымдық қызығушылығын туғызатын білім беру үлгілері);
- ресурстар көзқарасынан тиімділігі;
- жобаның практика жүзінде іске асу дәрежесі (жобаны таныстыруда оқыту орындарында пайдалану ерекшелігін көрсетіп айтып беру, қатысушылардың пікірлерін көрсету, кемшіліктері мен шешу жолдару);
- мазмұндаудың кепілдемелік стилі;
- ресімдеудің эстетикасы.

6. (№ 8 тармақ) Пәндер және пәнаралық бағыттағы оқу жобалары (оқу жобасы- аяқталған оқу тақырыбының немесе оқу бөлімінің оқып білуге бағытталған оқушылармен жұмысты ұйымдастыру жоспары және Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттары бойынша оқу бағдарламасының бөлігін құрайды. Жобалар оқушы-серіктестің бірлескен оқу-танымдық, зерттеушілік, шығармашылық немесе ойын әрекеті ретінде қаралады, жоба қатысушылары үшін маңызды қандай да бір проблеманы шешуге арналған ортақ нәтижеге жетуге бағытталған ортақ мақсаты, әрекеттің келісілген әдістері, тәсілдері бар):

- оқу-әдістемелік жобаның авторлық компоненттері кешенінің болуы: ақпараттық-коммуникативтік технологиялар негізінде құрылған ақпараттық, дидактикалық және әдістемелік материалдар;

- тақырыпты таңдауда педагогикалық мақсатқа сәйкестігі және АКТ-ны қолдануды;

- жобаның мақсаттары, міндеттері тұжырымдамасының болуы және дәлділігі, өлардың бір-бірімен байланысы;

- офистік технологиялар, желілік сервистер, сандық білім беру қорларын қолданудың мақсатқа сәйкестігі;

- оқушылар қызметінің дидактикалық материалдарымен қамтылуы;

- жобаны өткізу барысын жоспарлауы және көрінісі;

- оқушылардың жетістіктерін бағалау критерийлерінің болуы;

- жұмыстың ресімделу сапасы, қатысушылардың АКТ-ны тиімді пайдалана білуін көрсету.

7. (№ 9 тармақ) Білім беру ұйымдарының Web-сайттары:

- сайттың барлық беттері көркемдік, стилистикалық тұтастығы, ресімделуі, оқылуы, сайт бойынша навигацияның ыңғайлылығы;

- оқушыларға, ата-аналарға, оқытушыларға қызықты материалдардың болуы, ақпаратты ұсыну толықтығы мен сапасы;

- оқу орны туралы ақпараттың толықтылығы, танымдық және ойын-сауық бөлімдерінің болуы, оқушылар мен мұғалімдердің материалдарды орналастыру мүмкіндігі (немесе өздерінің Интернет-ресурстарына сілтемелері), иллюстрациялы материалдардың болуы және сапасы, басқа тілдердегі ақпарат (бар болса), материалдың жаңартылу жиілігі;

- сайттың интербелсенділігі: форумдардың, сауал қою, сайтқа кірушілермен кері байланыстың болуы;

- жаңашылдықтық: сандық білім беру қорлары (электронды оқулықтар, ОӘК, виртуалды сабақтар, тестілеу, өзін-өзі тану материалдары және т.б.) және қашықтықтан әдістемелік кеңес беруді ұйымдастыру;

- жоспарланған тақырып немесе бөлім бойынша қашықтықтан оқыту сабағының формасы (интерактивті оқыту сабағы, тәжірибелік жұмыс, вебинар, іскерлік ойын, конкурс, конференция және т.б.);

- сабақты ұйымдастыру технологиялары (web-беттермен қашықтықтан танысу, медиа-файлдарды тыңдау, телеконференция, чат, форум және т.б.);

- іс-әрекеттерді әдістемелік қамтамасыз ету (оқу әдістемелік материалдар, электронды білім беру қорларын пайдалануға қол жетімділік);

- сабақтарды техникалық жабдықтау (техникалық-ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету және пайдаланушылардың жұмыс орнын дамуының бұзылу өзгешеліктеріне қатысты жетілдіру);

- таңдап алынған тақырып немесе бөлім бойынша білімді бақылау, сабақты қорытындылау іс-шаралары («портфолио» беттері, срездік және тестілеу жұмыстары, бағдарлаушы сауалнамалар, түйіндеу сабақтары және т.б.);

- сайттардың қолда бар қозғалыстар, php-, Java-, asp-, perl-скриптерінің және басқада кітапхана козпоненттерінің негізінде эксклюзивті әзірлемелері.

8. (№ 10 тармақ) Педагогикалық қызметкерлердің тақырыптық сайттары

- сайттың сапасы – құрылымдау логикасының түсініктілігі, интерфейс жайлылығы, дизайн, навигацияның ыңғайлылығы;

- мазмұны – пән (тақырып, сабақ, жоба) бойынша ұсынылған оқу материалдарының толықтығы мен тынғылықтылығы;

- мультимедиаылығы – акпаратты ұсыну қалыптарының әртүрлілігі – презентациялар, видео, фотосуреттер, карталар, сауал қою және т.б.;

- сайт жұмысының жүйелілігі – сайт мазмұнының тұрақты жаңартылуы;

- сайттың интерактивтілігі – кері байланысты пайдалану мүмкіндігі;

- оқушыларға білім беру әрекеттерін ұйымдастыру әдістері мен түрлері (пікірталас, кеңес беру, сауал қою және т.б.);

- сайтқа кіру статистикасы, барлық оқушылардың санынан сайтқа кірген оқушылардың пайызы негізінде көрсетіледі (Google Analytics, Live Internet, KazNero, Zero және т.б.)

Педагогикалық қызметкерлердің тақырыптық сайттарының құрылымы келесі бөлімдерді қамтуы керек:

- мұғалім туралы жалпы мәліметтер;

- педагогикалық қызметінің нәтижелері;

- ғылыми-әдістемелік қызметі;

- пән бойынша сабақтан тыс жұмыстар;

- оқу-әдістемелік қорлары.

Басқа бөлімдерді педагогикалық қызметкерлер өздерінің қалаулары бойынша қоса алады.

Білім беру ұйымдары сайттарына қойылатын талаптар

- конкурсқа тек аяқталған құрылымды, конкурстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін сайттар ғана жіберіледі;

- сайттың мазмұнына білім беру мекемелері оқушыларының аудандық, қалалық, облыстық, республикалық олимпиадаларда, ғылыми-практикалық конференцияларда, сонымен қатар мұғалімдер мен тұтас мектеп жетістіктері туралы акпарат енгізілуі керек;

- сайттың мазмұнына білім беру мекемелерінің даму тарихының құрылуы, педагогикалық әдістемелік әзірлемелер, мектептік зерттеу жұмыстары, мектеп мерекелері туралы акпарат, әдебиет жинақтарының материалдары, мектеп журналдары, газеттері (электронды нұсқалары) тағы басқа, сонымен қатар мектеп өмірінен фоторепортаждар енгізілуі мүмкін;

- білім беру мекемелері сайттарының талаптарына жауап беретін басқа мазмұнда болуы мүмкін;

- әзірлеме және бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын таңдауға шек қойылмайды.

Web-сайтқа қойылатын шектеулер:

- Web-сайт 1024×768 экран мониторуна қарау үшін шақталып жасалуы және басқа да экран кеңейтілімін қолдану мүмкіндігі ескерілуі керек;

- сайтта жұмыс істемейтін сілтемелер болмауы тиіс;

- сайт дизайны авторлық болуы қажет (дербес әзірленуі).

Ескерут: Әрбір критерий бойынша 1-ден 3-ке дейінгі ұпайлар (1 – нашар, 2 – жақсы, 3 – өте жақсы) беріледі.

II кезеңде (финал) конкурс жұмысын қорғауда қосымша келесі ұстанымдар ескеріледі:

- тұсаукесерлік құзыреттілік, шешендік шеберлік (композиция, жұмысты ұсыну толықтығы, нәтижелілігі, дәлелділігі, уақытты сезінуі, аудиторияның көңілін аудару);

- жобаны таныстыру үйлесімділігі (техникалық және ұйымдастырушылық дайындық).

Әр жобаны қорғау 10 минуттан аспауы керек.

10 Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі

Конкурс қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау салтанатты түрде өтеді. Әрбір бағыт бойынша 3 жүлделі орын белгіленеді: 1, 2, 3 дәрежелі диплом иегерлері.

Ақтық кезеңге өткен конкурсқа қатысушыларға «Конкурсқа қатысушы сертификаты» беріледі.

Павлодар облысы
білім беру басқармасының
2016 ж. «28» қыркүйек
№ 328 бұйрығына
Қосымша 1.1

Конкурс катысушының өтінімі

1. Мекеме жайындағы мағлұмат	
Мекен-жайы	
Телефон	
e-mail	
Факс	
2. Автор (авторлық ұжым) жайындағы мағлұмат	
ТАӘ	
Оқытылатын пән	
e-mail	
3. Жұмыс туралы мағлұмат	
Жобаның шығармашылық аты	
Пән және пәнаралық байланыс	
Жасерекшелік тобы	
Жобаның мақсаты мен міндеті	
Жоба аңдатпасы	
4. Конкурстың бағыттары (біреуін ғана көрсету)	
Оқу бағдарламасы, құрал, оқу-әдістемелік кешен, практикум, бағдарламалық камтамасыз ету, сайт, оқыту жобасы	☐ оқыту процесін бағдарламалық камтамасыз ету ☐ жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың оқу-әдістемелік кешені ☐ оқу-тәрби процесінде интербелсенді тактаның бағдарламалық және ақпараттық құралдарын пайдалану ☐ жалпы білім беру ұйымдарын басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ☐ оқу процесіндегі мультимедиялық камтамасыздандыру ☐ пәндер және пәнаралық бағыттағы оқу жобалары ☐ білім беру ұйымдарының Web-сайттары ☐ педагогикалық қызметкерлердің тақырыптық сайттары
5. Сайтқа сілтеме (сайттың беті, бөлімі)	
6. Сайтты құру үшін қолданылатын бағдарламалық қамтама және жасалым ортасы, бағдарламалау тілі, сайт «движоктары»	
7. Кажетті бағдарламалық камтамасыз ету:	
8. Кажетті ақпараттық камтамасыз ету:	

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР. ЭЛЕКТРОНДЫ БАСЫЛЫМДАР**

Электронды оқу басылымдары.

ҚР СТ 34.017-2005

Электронды басылымдарға қойылатын талаптар

Электронды оқулық негізі электронды оқу басылымы ретінде, басқа компьютерлік оқулықтарға қойылатын барлық педагогикалық талаптарға жауап беретін, жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде жасалынуы тиіс:

- кәсіби бағдарламаға сәйкестік (оқу жоспары бойынша)
- оқу құралының көлемі мен сапасына сәйкестігі (мазмұнында тұтас және жеке компоненттері бойынша)
- ақпараттың толықтығы және жаңашылдығы
- әдістемелік құралдардың сапасы, техникалық орындалу сапасы, көрнекілігі, баяндалудың логикалық және жүйелілігі, материалдың меңгерімділігі және т.б.

Электронды басылымдардың сапалық көрсеткіштері

Қолданыстағы нормативті құжаттарға сәйкес электронды басылымдардың (ЭБ) келесі сапалық көрсеткіштеріне талап қойылады:

Бағдарламалық-техникалық параметрлері:

- пайдаланушының қате және келеңсіз әрекеттеріне тұрақтылығы
- электронды әдістемелік оқу басылымдарының эксплуатациялық құжаттарға сәйкес әрекеттестігі
- пайдаланушының рұқсат етілмеген әрекетінен қорғау.

Педагогикалық параметрлері

Дидактикалық көрсеткіштері:

- танысу еркіндігі;
- бейімдендірілуі;
- өз бетінше және белсенді оқуға мүмкіндігі;
- оқу нәтижесін бекіту төзімділігі;
- диалогтың интерактивтілігі.

Әдістемелік көрсеткіштері:

- нақты пәннің ерекшеліктері мен өзгешіліктерін есептеу;
- сәйкес ғылымның специкаларын санау;
- ақпаратты өңдеудің қазіргі заманғы әдістерін іске асыру.

Эргономикалық параметрлері:

- оқушылардың жас және жеке бас ерекшелектерін ескеру
- оқытуға уәж көтеру деңгейін қамтамасыз ету
- диалог ұйымдастыру талаптары
- түстік мінездемелерге талаптар
- сандық-әріптік символикаларға және таңбаларға талаптар
- дисплей экранындағы ақпараттарды кеңістіктегі орналасу туралы талаптар.

Эстетикалық талаптар:

- электронды басылымдардың функционалды белгіленген эстетикалық ресімделуіне сәйкестігі;
- электронды басылымдарға тағайындалған түстерге, нақыштарға, эргономикалық талаптарға сәйкестігі;
- графикалық және бейнелеуші элементтерді реттеу және айқындау.

Электронды оқу құралында оқытудың мақсатына сәйкес келмейтін, яғни оқу курсының мазмұнына сәйкес келмейтін және пайдаланушының назарын басқа жаққа аударатын ақпараттар болмау керек.

Электронды оқу құралының интерфейсі көрнекті және ЭОҚ тұтас және жеке бөлімдерінің логикаға түсінуге мүмкіндік беретін түрде біртекті түсінікті қажет.

Оқу материалын түсіндіру ғылыми терминологияны пайдалану керек және ақпарат түсінікті, нақты, толық және қарама-қайшылықсыз болуы қажет.

ЭОБ-ның функцияларына қойылатын талаптар

ЭОБ-мен жұмыс жасау үшін келесі функциялар жүзеге асырылу керек: пайдаланушыны тіркеу; деректерді қорғау; бағыттама; мазмұн қарауды ұйымдастыру; оқыту траекториясын анықтау; оқыту және білім бақылау; тестілеу; статистикалық есеп беру.

Пайдаланушыны тіркеу функциясы ЭОБ-да пайдаланушы туралы деректерді енгізу, өзгерту және жоюды қамтамасыз ету керек.

Деректерді қорғау функциясы ЭОБ-ң мазмұны мен тестілеу нәтижелерінің бүтіндігін сақтау керек, сондай-ақ, белгілі бір деректерге рұқсатты қолжетпек және басқа деректерге шектеулі қолжетпек жасау үшін пайдаланушыларды авторландыру керек.

Бағыттама функциясы ЭОБ-ң құрылымы бойынша қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

Мазмұн қарауды ұйымдастыру функциясы тапсырмалар орындауды, сұрақтарға жауап беруді және білім бақылауды талап етпей, ЭОБ-ның мазмұны мен алдынала танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

Оқыту траекториясын анықтау функциясы міндетті оқытуды және білім бақылауды өткізу үшін сабақтардың тізбегін колмен, тестілік немесе толық таңдау негізінде құру мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

Қолмен таңдау ЭОБ-ның мазмұнындағы модулдердің, блоктардың және сабақтардың нөмірлерін белгілеу арқылы оқыту траекториясына қолмен енгізуге мүмкіндік беру керек.

Тестілік таңдау ЭОБ-дағы оқу материалының барлық көлемі бойынша тестілеу кезінде дұрыс жауаптың саны жеткілікті емес болған модулдер, блоктар мен сабақтарды оқыту траекториясына автоматты түрде енгізуге мүмкіндік беру керек.

Толық таңдау автоматты түрде ЭОБ-ң барлық модулдерін, блоктарын және сабақтарын оқыту траекториясына енгізуге мүмкіндік беру керек.

Оқыту және білім бақылау функциясы теориялық материалды оқу, тапсырманың интерактивті орындалуын, қойылған сұраққа жауап беру және оқыту траекториясы көлемінде ағымды, аралық, белестік және қорытынды бақылаулар өту мүмкіндіктерін қамтамасыз ету керек. Осы жағдайда сұрақтардың дұрыс жауаптар саны жеткіліксіз болса, оқушы ЭОБ-ғы ағымды оқыту бірлігін қайталауға мәжбүр болады. Оқыту имитациялық компьютерлік моделдеу функциясын қосуы мүмкін. Оқыту үзілуі және үзіліс болған жерден жалғасуы мүмкін.

Тестілеу функциясы тұтас ЭОБ бойынша тесті өту уақытын өзгерте алатын және нәтижелерді тіркеу мүмкіндіктері бар автоматты тестілеу құралдарын қамтамасыз ету керек. Сұрақтар мен жауаптар варианттары оқу курсының сұрақтар базасынан кездейсоқ таңдау арқылы беріледі. Тестілеудің нәтижесі экранға шығады. Тестілеудің қанағаттандырылмайтын нәтижесінде, жауабы дұрыс берілмеген кез келген сұраққа еркін көшу ескерілу керек.

Статистикалық есеп беру функциясы оқушының берілген оқыту бірлігін меңгеру деңгейі туралы нақты ақпаратты және ол туралы сұратымға байланысты басқа статистикалық деректерді беру мүмкіндігіне ие болуы керек.

Электрондық оқу басылымының мазмұн құрылымына қойылатын талаптар

ЭОБ-ның контенті үш деңгейлі семантикалық оқыту бірліктеріне бөліну керек: 1 – модулдер, 2 – блоктар, 3 – сабақтар.

Модул блоктан блокқа өскен сайын мағыналы байланыстары бар логикалы байланысқан блоктар тізбегінен тұратын электрондық оқу басылымындағы ірі синтактикалық, семантикалық және прагматикалық оқыту бірлігі.

Блок сабақтан сабаққа өскен сайын мағыналы байланыстары бар логикалы байланысқан сабақтар тізбегінен тұратын электрондық оқу басылымындағы орташа синтактикалық, семантикалық және прагматикалық оқыту бірлігі.

Сабақ минималды синтактикалық, семантикалық және прагматикалық оқыту бірлігі және ол бірнеше оқыту элементтерінен тұрады. Сабақтағы

міндетті оқыту элементтері болып теориялық материал, мысалдар, тапсырмалар, сұрақ-жауаптар және тестілер есептелінеді, ал міндетті емес элементтерге оқыту акпаратын меңгеру, түсіну және еске сақтауға себепін тигізетін және акпараттық тығыздықты қамтамасыз ететін анықтамалық, графика, аудио және видео жатады.

Теориялық материал таңдап алынған оқу курсы бойынша мазмұны түсінікті, нақты, толық және карама-қайшылықсыз болатын көкейкесті акпаратты қамтуы тиіс және бұрын өткен сабақта қабылданған білімді қайталамай өздігінен оқу, тапсырманы жасау және білімді бақылау үшін жеткілікті болуы керек. Теорияда мәтіндердің астын сызу және түсін өзгерту сияқты арнаулы дидактикалық құралдарды колдану керек.

Мысалдар теорияның жеке маңызды аспектерін жаттығуды орындау, есепті шешу, сұрақтарға жауаптар тағайындау және т.б. түрінде деталды талдауын қамтамасыз етуі керек.

Тапсырмалар оқытылатын объекттер, үрдістер мен құбылыстарының ішкі байланысын анықтауға, олардың әртүрлі сыртқы әсерлер кезіндегі функционалдық қасиеттерін зерттеуге және жаттығуларды орындау мен

оқу-әдістемелерді қамтуы мүмкін.

Анықтамалық оқу материалына қатысты және жаттығуларды орындау, есептерді шешу мен тәжірибе өткізуге, курстық, дипломдық және т.б. жұмыстарды дайындау бойынша мәтіндік, кестелік, графикалық және басқа оқу-әдістемелік мәліметтер тамту керек.

Графика, аудио және видео оқу курсына оқытылатын объекттер, үрдістермен құбылыстардың ең маңызды жақтарымен жағдайларын ашу және көрсету үшін қажетті қосымша дидактикалық материалдарды келтіруге арналған.

Тезаурус ЭОБ-ң пән аймағына байланысты терминдер және қысқартулар сөздігін тамту керек.

1-ші кесте – Түстер ассоциациясы

Түстер палитрасы	Ассоциация
Қызыл түс	Ең активті түске жатады. Белсенді түстер өте айқын қабылданады және еске өте жақсы сақталады
Қызыл-қызылт сары өң	Жылулық сезім шақырады. Бұл түс адамның сыртқы әлемге қызығушылығын, адамдармен араласуға және іс-әрекетті арттырады
Қызылт сары түс	Максимал жылулық сезім береді
Қызылт сары-сары өң	Денелердің бір-бірімен жақындасу әсерін береді
Сары түс	Жеңілдік және қағылездік сезім береді. Әлдеқайда жеңіл және ауалы түрде көрінеді
Жасыл түс	Визуалды тепе-теңдік күй шақыра алады. Өзінде сары түстің жеңілдік және тірі күйін көк түстің ауырлық күймен қамтиды
Көк-көгілдір өң	Уақыттың және кеңістіктің сезімін, тағы сол сияқты салқын сезім береді. Тежелуді шақырады. Адамдардың тәртібін рационалды және ойластыра алатындай күйге келтіреді. Қабылдау үшін ең ауыр деп саналады
Көк түс	Бір қалыптылық және салмақтылық сезім сыйлайды
Полярлық түстер кестесі	Қоңыр фонда және әр түрлі жазықтықтарда олар бір-бірімен сәйкестенеді, өте жақсы бір үйлесімге келеді
Сұр түс	Бейберекет түс. Ол өзіне назар аудармайды, ешқандай реакция шақырмайды, тұрақты сезім орната алады

Мемлекеттік мекеме web-сайтының дизайнына қойылатын талаптар

Мемлекеттік мекеме ресми сайтының дизайны қолданыстағы санитарлық пен эргономикалық стандарттарына сәйкес келу және қолданушылардың ең тиімді түрде жағымды эмоционалды реакциясын тудыру керек.

Мемлекеттік мекеме web-сайтының дизайны, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының негізгі сайттары мен порталдарында акпарат ұсыну үшін қабылданған (корпоративтік стиль), бірыңғай стильдік шешімдермен сәйкес болып, қолдануға келесі талаптарды қосуы керек:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік символикалардың элементтері;
- 2) мемлекеттік мекемелердің символикалары, белгілері және логотиптері;
- 3) негізгі түстер;
- 4) қаріптік және композициялық безендіру.

Web-сайттың дизайны мемлекеттік мекеме туралы графикалық акпарат ұсыну үшін арналған және келесі элементтері бар:

- 1) түстік шешімі;
- 2) қаріптік шешімі;
- 3) композициялық шешімі.

Дизайнды таңдаған кезде қолданушы таңдаған беттер тез ашылуын қамтамасыз ету керек.

Дизайнды әзірлегенде келесі эргономикалық талаптарды ескеру қажет:

- 1) қауіпсіз түстік палитра

Басымдықты түстері: көк – сұр-көгілдір түстері, ашық (сары – 15 %-дан артық емес). Мәтін – arial, tahoma, verdana, сайт қарібінің мөлшері 10-12 пиксель шегінде. Қаріп, мөлшер, мәтін, ұяшық түсі стилді файлдарда безендірілген;

- 2) беттің белсенді және жоғары графикалық элементтері қолданылады:

Колденен мәзір – ашылма нақты бір қолданба функционалының талаптарына сәйкес жасалады.

Түгел суреттердің форматы gif немесе jpeg (jpeg);

- 3) сайт беттері қаралатын мониторлар ажыратымдылығының негізгі диапазоны 600×800 бастап 1024×768 пиксельге дейін таңдалуы керек;

4) сайт беттері қаралатын монитордың ең төмен ажыратымдылығы: 600×800 пиксель. Айтылмыш ажыратымдылығы сайттың беттерін шолғыштың көлденең айналдырусыз қарауын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік мекемелер web-сайттарында контентті (ақпаратты) жариялап өндегенде келесі тілдер қолдауы ескерілуі керек:

- 1) қазақша;
- 2) орысша;
- 3) ағылшынша.

Мемлекеттік мекемелер web-сайтының ақпаратын безіндіру талаптары

Мәтінді ақпарат келесі форматта ұсынылады:

- 1) doc – Microsoft Word қолданбасы;
- 2) xls – Microsoft Excel қолданбасы;
- 3) txt – Windows блокноты.

Мәтінді файлдардың параметрлері:

- 1) қаріп – Times New Roman (және/немесе Arial, Verdana);
- 2) қаріп мөлшері – 14;
- 3) жоларалық интервал – кәдуілгі;
- 4) «қолмен атқарылған» мәтін тасымалы жол берілмейді.

Графикалық материалдар (файлдар) келесі форматта ұсынылады:

- 1) gif;
- 2) jpg.

Қалған материалдар тек архив ретінде тапсырылады. Архивтер ZIP және/немесе RAR форматында болуы керек (WinZip және/немесе WinRar қолданбалары).

Ақпараты бар барлық файлдар электронды хатқа қосымша ретінде тіркеледі. Әр қосымша келесі түрде безендіріледі:

(Ақпараттың атауы)_(айдар атауы)_(кіші айдар атауы).

Бұл шешім келесі мүмкіндік береді:

- 1) дизайнды сәйкестендіру;
- 2) web-сайттар арасындағы алмасуды (қарым-қатынасты) стандарттау;
- 3) сұратымды өңдеу уақытын;
- 4) дизайнды икемді басқару мүмкіндігі;
- 5) ақпаратқа үздіксіз қолжетімділік.

Виртуалдық қабылдауна немесе басқарушы блогына түскен сұрақтарына жауап өтініш берушінің электронды мекенжайына және (немесе) сайт администраторына 15 күн ішінде, немесе ұсыну мерзімін көрсетіп жауап беру немесе уәжді түрде бас тарту.

Қосымша зерттеу мен тексеру талап ететін өтінішке жауап бір ай ішінде берілуі керек.

Шындыққа сәйкес емес, азаматтың немесе ұйымның абыройы мен намысын жамандайтын мәліметті жаю Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері бойынша жауапкершілікке тартады. Заңнаманы бұзған

үшін жауапкершілікке бұл мәлімет пен материалдарды жаятын авторлар мен лауазымды тұлғалар тартылады.

Web-сайтқа ақпарат ұсынғанда мемлекеттік органдар нұсқау етіп қолдануы керек:

1) азаматтың ақпаратқа қол жеткізу құқығы туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерімен және мемлекеттік ақпараттық ресурстар қалыптасу тәрбібін және оның азаматтар мен ұйымдар қолдануын анықтайтын басқа құқықтық актілерімен;

2) ақпарат тарату көпшілік электронды арна арқылы ақпаратты ұсыну мәселелерін реттеу үшін арнайы қабылданған сәйкес мемлекеттік регламенттерімен;

3) ведомстволық нормативтік құқықтық құжаттарымен.

Сонымен қатар мемлекеттік органдар қамтамасыз ету керек:

1) ұсынылатын ақпараттың анықтығы мен толықтығын;

2) ұсынылатын ақпараттың уақыттылығын;

3) ақпаратқа қол жеткізу құқығын бұзған үшін жауапкершілігін;

4) ақпаратты ұсынғанда үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау.

Әр мемлекеттік мекеме ресми сайттың бөлімдерін жаңарту кестесіне сәйкес бір айдың ішінде екі реттен кем емес контентті қалыптастырады (жаңартады).

Павлодар облысы
білім беру басқармасының
2016 ж. «28» қараша
№ 328 бұйрығына
Қосымша 2

**«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беруде»
облыстық конкурсын дайындау және өткізу үшін құрылған
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Ұйымдастыру комитетінің төрайымы

Каримова Гульжан
Толеубаевна

Облыстық ақпараттық технологиялар
орталығының басшысы.

Ұйымдастыру комитеті төрайымының орынбасары

Казтаева Бибигуль
Калиардамовна

Облыстық ақпараттық технологиялар
орталығының оқу-әдістемелік жұмыстар
жөніндегі басшы орынбасары

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері

Жиренова Айнагуль
Кенжалиевна

Облыстық ақпараттық технологиялар
орталығының электрондық оқыту жүйесі
бөлімінің басшысы.

Бекбергенова Кымбат
Ермековна

Облыстық ақпараттық технологиялар
орталығының электрондық оқыту жүйесі
бөлімінің әдіскері.

Нургалиева Асия
Тимуровна

Облыстық ақпараттық технологиялар
орталығының электрондық оқыту жүйесі
бөлімінің әдіскері.

Павлодар облысы
білім беру басқармасының
№ 328 бұйрығына
« 28 » 09 2016 ж.
Қосымша 3

**«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беруде»
атты облыстық конкурсының қазылар
алқасының құрамы**

Қазылар алқасының төрайымы

Карамбаев білім беру басқармасының орынбасары
Жомарт Петрович

Қазылар алқасы төрайымының орынбасары

Каримова Гульжан облыстық ақпараттық технологиялар
Толеубаевна орталығының директоры

Қазылар алқасының мүшелері

Маймышева білім беру басқармасының бас маманы
Майра Зикеновна

Қазтаева облыстық ақпараттық технологиялар
Бибигуль Қалиардамовна орталығының басшы орынбасары

Жиренова Айнагуль облыстық ақпараттық технологиялар
Кенжалиевна орталығының электрондық оқыту жүйесі
бөлімінің басшысы

Бекбергенова Қымбат облыстық ақпараттық технологиялар
Ермековна орталығының электрондық оқыту жүйесі
бөлімнің әдіскері

Нургалиева облыстық ақпараттық технологиялар
Асия Тимуровна орталығының электрондық оқыту жүйесі
бөлімнің әдіскері

№328 от 28.09.16

**О проведении областного конкурса
«Информационно-коммуникационные
технологии в образовании»**

Во исполнение плана работы управления образования на 2016 год, в целях выявления положительного опыта внедрения современных информационных технологий в учебный процесс, популяризации лучших методических и программных разработок, стимулирования деятельности учителей и учащихся области **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Провести с 5 по 28 октября 2016 года областной конкурс «Информационно-коммуникационные технологии в образовании» среди учителей и учащихся организаций образования.

2. Утвердить:

- положение областного конкурса «Информационно-коммуникационные технологии в образовании» (приложение 1), смету расходов на организацию и проведение конкурса

- состав Оргкомитета по подготовке и проведению областного конкурса (приложение 2)

- состав жюри (приложение 3).

3. Центру информационных технологий:

